

**8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша
PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған**

**«Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған
бас телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасы» тақырыбындағы
Досматова Кенжеш Рахимжановнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызып көрсетіңіз)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулер курсивпен белгіленсін)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты – «Өмір және денсаулық туралы ғылым» бағытына сәйкес орындалған.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Қарастырылып отырған зерттеу жұмысы стоматологиялық ғылым, әсіресе ортодонтия саласының дамуына елеулі үлесін қосуға бағытталған. Стоматологиялық тәжірибеде диагностика мен емдеу шараларын дұрыс жүргізу үшін әр этникалық топ өзіне тән цефалометриялық/телерентгенограммалық (ТРГ) нормаларды білуі маңызды болып табылады. Зерттеу жұмысының маңыздылығы қазақ популяциясына тән ТРГ талдау әдісінің құндылығымен айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының дербестік деңгейі жоғары, бұл оның зерттеудің барлық кезеңдерін өз бетінше орындағанынан көрінеді. Докторант диссертациялық жұмысты жоспарлап, медициналық ұйым деңгейінде ғылыми зерттеуді ұйымдастырды, қойылған міндеттерге сәйкес деректерді жинақтап, оларды өңдеді, зерттеу тобын іріктеуді жүзеге асырды, зерттеу нәтижелерін алып, негізгі қағидалар мен қорытындыларды қалыптастырды. Сонымен қатар, ізденуші диссертациялық жұмысты өз бетінше жазып, қорғау құжаттарын және ғылыми жарияланымдарды дайындады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Досматова Кенжеш Рахимжановнаның зерттеу жұмысы Қазақстанның ересек этникалық популяциясында бас ТРГ-ның параметрлерін зерттеуге, тіс-жақ аномалиялары бар науқастардың зерттеу тәсілдерін жетілдіруге және ортодонтиялық көмектің қазіргі жағдайын талдау негізінде тәжірибелік ұсыныстар дайындауға бағытталған. Елдегі ортодонтиялық ғылым мен клиникалық тәжірибе алдында тұрған өзекті мәселелерді зерттеу және оларды шешу жолдарын айқындау осы диссертациялық жұмыстың негізгі мақсатын құрайды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны қойылған тақырыпқа толық сәйкес келеді. Жұмыстың құрылымы кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, нәтижелер, қорытынды және тұжырымдар бөлімдерінен тұрады. Аталған бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда өзара байланысқан және зерттеудің ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл диссертацияның толыққанды әрі жүйелі орындалған дербес ғылыми еңбек екенін көрсетеді.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Ғылыми жұмыстың мақсаты – ересек қазақ популяциясы өкілдеріндегі краниофациалды құрылымның цефалометриялық ерекшеліктерін анықтау және телерентгенографиялық әдісті қолдана отырып, тіс-жақсүйек аномалияларын емдеу алгоритмін одан әрі оңтайландыру болып табылады.</p> <p>Зерттеу міндеттері бірізді және жүйелі түрде құрылып, қойылған мақсатқа қол жеткізуді толықтай көрсетеді, әрі ғылыми зерттеудің тақырыбымен үйлеседі. Жұмыс нәтижелері мен алынған қорытындылар белгіленген мақсатқа толық сәйкес келеді және қойылған міндеттерді шешуде ғылыми әрі тәжірибелік маңызға ие.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның құрылымдық бөлімдері мен негізгі ғылыми қағидалары арасында айқын логикалық сабақтастық сақталған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер негізінде жасалған қорытындылар мен тұжырымдар бір-бірімен үйлесімді түрде байланысып, диссертациялық жұмыстың ішкі ғылыми бірлігін нақты айқындайды. Жұмыстың барлық бөлімдері өзара жүйелі түрде байланысқан, нәтижесінде зерттеуге тұтастық пен логикалық аяқталған сипат береді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Автор диссертациялық зерттеу тақырыбына қатысты әдеби деректерді жан-жақты және мұқият қарастырған. Зерттеу саласындағы қазіргі ғылыми жағдайға негізделген талдау жасалып, отандық және халықаралық денсаулық сақтау жүйесі үшін өзекті бағыттар мен шешімдер айқындалған.</p> <p>Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған жаңа тәсілдер мен нәтижелер қолданыстағы белгілі әдістермен салыстырылып, сыни тұрғыдан сараланып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 	<p>Ұсынылған шешімдердің ғылыми жаңашылдығы бірнеше маңызды бағыттар арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, докторант алғаш рет еліміз аумағында тіс-жақсүйек аномалияларының таралу жиілігін жүйелі түрде анықтаған.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-дан кем).</p>	<p>Сонымен қатар, нейтралды тұрақты тістемі бар қазақ этносына жататын ересек тұлғаларда бет қаңқа сүйектерінің морфометриялық ерекшеліктері нақтыланып, алынған көрсеткіштер шетелдік авторлардың әртүрлі этникалық және нәсілдік топтарға қатысты жариялаған деректерімен салыстырмалы түрде талданған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толықтай жаңа болып табылады, жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделген және осы салада бұрын сипатталмаған ғылыми тұжырымдарды қамтиды. Жұмыс нәтижелерін талдау негізінде келесі қорытындылардың ғылыми жаңалығы дәлелденеді: қазақ популяциясындағы тіс-жақсүйек аномалияларының таралу жиілігін анықтау; Downs және Steiner әдістері бойынша ТРГ көмегімен қазақ этносына тән орташа морфометриялық көрсеткіштерді белгілеу; тіс-жақсүйек аномалияларын тиімді әрі дұрыс ортодонтиялық емдеуді қамтамасыз ету үшін жеке морфометриялық параметрлерді анықтауға арналған диагностикалық алгоритмдерді дайындау.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ортодонтиялық диагностиканың сапасын арттыруға және ем нәтижелерін жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдер ұсынылған. Автор дайындаған, тіс-жақсүйек жүйесінің әртүрлі аномалияларын анықтауда телерентгенографиялық әдіске негізделген диагностика алгоритмі жаңашыл сипатқа ие. Бұл алгоритм зерттеу барысында жинақталған жеткілікті көлемдегі клиникалық материалмен негізделіп, оның ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын айқындайды.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар</p>	<p>Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындау деңгейі жоғары екенін атап өткен жөн. Алынған нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеу материалдарының ауқымды көлемімен және қолданылған әдістемелік тәсілдердің негізділігімен дәлелденеді. Зерттеу барысында нейтралды тұрақты тістемі бар қазақ ұлтына жататын ересек тұлғалардың 120 бүйір ТРГ талданған. Сонымен қатар цефалометриялық талдау шеңберінде 17 бұрыштық және 4 сызықтық</p>

		бойынша даярлық бағыттары үшін).	параметр қарастырылған. Қосымша ретінде ортодонтиялық мүсіндер, клиникалық фотосуреттер және пациенттердің стоматологиялық карталары пайдаланылған. Бұдан бөлек, докторант морфометриялық диагностикалық әдістерді қолдану деңгейін бағалау мақсатында ортодонт дәрігерлер арасында сауалнама жүргізген. Зерттеуге барлығы 157 респондент қатысып, олар Алматы мен Астана қалаларындағы клиникалардан кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы таңдалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>3) бұл тұжырымның ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1 Жүргізілген зерттеу нәтижелері автор ұсынған және қорғауға шығарылған негізгі ғылыми қағидалардың толық дәлелденгенін көрсетеді.</p> <p>Бірінші қағида қазақ популяциясында сагитталды және вертикалды жазықтықтардағы тіс-жақсүйек аномалияларының таралу ерекшеліктерін анықтау нәтижелерімен негізделген.</p> <p>Екінші қағида қазақ этносына тән бет қаңқа параметрлерін Steiner және Downs әдістері бойынша талдау нәтижесінде расталған.</p> <p>Үшінші қағида морфометриялық көрсеткіштердің этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, Downs және Steiner әдістеріне негізделген телерентгенографиялық орташа мәндерді қолдану арқылы алынған деректермен дәлелденген.</p> <p>Төртінші қағида клиникалық ортодонтиялық тәжірибеде негізгі диагностикалық әдіс ретінде ұсынылған телерентгенография (ТРГ) нәтижелерімен бекітілген.</p> <p>7.2 Жұмыс ғылыми жаңалығы мен алынған нәтижелерінің ерекшелігі тұрғысынан тривиалды емес сипатқа ие.</p> <p>7.3 Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы жеткілікті деңгейде негізделген.</p>

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4 Зерттеу жұмысының қолдану аясы кең. 7.5 Зерттеу нәтижелері Scopus дерекқорында индекстелетін және ҚР Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда жарияланып, тиісті талаптарға сай рәсімделген. Сонымен қатар, авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынған.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>;</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары әдіснамалық деңгейде орындалғанын ерекше атап өткен жөн. Ізденушіге қойылған міндеттер зерттеу дизайнының жеткілікті негізділігімен және жиналған деректер көлемінің ауқымдылығымен үйлесім тапқан. Бас-бет қаңқасының орташа морфометриялық параметрлерін анықтау барысында цефалометриялық және биометриялық талдау әдістері қолданылған. Сонымен қатар, зерттеудің әлеуметтік қырын айқындау мақсатында сауалнама және онлайн-сауалнама форматындағы социометриялық әдістер пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер заманауи ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етілген, ал олардың сенімділігі статистикалық талдаулар негізінде дәлелденген. Деректерді өңдеу мен есептеу жұмыстары жоғары дәлдікпен орындалып, алынған қорытындылар қолданылған әдістемелік тәсілдермен толық сәйкестік табады. Зерттеу шеңберінде факторлық және кластерлік талдау әдістері қолданылып, деректердің құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған.</p>

		2) жоқ.	Сипаттамалық статистика IBM SPSS Statistics бағдарламасының 25.0 нұсқасы (Windows платформасы) көмегімен есептелген. Айнымалылар арасындағы айырмашылықтардың маңыздылығын бағалау үшін Стьюденттің t-критерийі пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Автор ұсынған теориялық қорытындылар, дайындалған алгоритм және айқындалған өзара байланыстар алынған зерттеу нәтижелерімен толық дәлелденген. Олардың негізділігі медицина, өмір және денсаулық туралы ғылымдар саласында қабылданған заманауи статистикалық және аналитикалық әдістерді қолдану арқылы расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Авторлық зерттеуде келтірілген ғылыми тұжырымдарды растайтын беделді ғылыми жарияланымдардан алынған деректер мен дәйексөздер ұсынылған. Бұл тәсіл жұмыстың дәлелді медицина қағидаттарына толық сәйкес орындалғанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған ғылыми әдебиеттер базасы әдеби шолуды сапалы жүргізуге, сондай-ақ докторлық зерттеудің ғылыми негізін қалыптастыруға және оның мазмұнын жан-жақты ашуға толық жеткілікті. Автор барлығы 146 ғылыми дереккөзді қарастырған, олардың ішінде 106-сы ағылшын тіліндегі халықаралық басылымдар болып табылады. Әдебиеттерді іріктеу тереңдігі мен жүйелілігі сақталып, негізінен соңғы 10 жыл аралығында жарияланған өзекті ғылыми еңбектер қамтылған.
9	Тәжірибелік құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ;	Диссертациялық зерттеу нәтижелері клиникалық ортодонтия тәжірибесінде әрі қарай қолдануға негіз болатын әдіснамалық база ретінде теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады.

		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы айқын және күмәнсіз болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде, медициналық білім беру мекемелерінде, дәрістік және практикалық сабақтар барысында, сондай-ақ дипломнан кейінгі білім беру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар, диссертация әртүрлі тіс-жақсүйек аномалияларының таралу жиілігін және олардың клиникалық ауырлық деңгейін төмендетуге бағытталған диагностикалық және емдік шараларды дәл әрі тиімді жүргізуде елеулі практикалық маңызға ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері бойынша ізденуші авторлық куәліктер мен енгізу актілерін рәсімдеген. Бұл алынған шешімдердің тәжірибелік тұрғыдан маңыздылығын және қолданбалы құндылығын көрсетеді. Ұсынылған тәжірибелік ұсынымдар жаңашыл сипатқа ие.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде дайындалған. Жазылу деңгейі жоғары, академиялық стиль талаптарына толық сәйкес келеді, орфографиялық және стилистикалық нормалар сақталған. Жұмыстың құрылымы дәстүрлі ғылыми форматқа сай ұйымдастырылып, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістерін сипаттау, алынған нәтижелерді талдау, қорытынды, тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар, сондай-ақ пайдаланылған әдебиеттер тізімі сияқты негізгі бөлімдерді қамтиды. Жалпы алғанда, диссертация толық аяқталған, тұтас ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және автор тарапынан дербес орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Досматова Кенжештің диссертациялық жұмысының жалпы жоғары ғылыми және тәжірибелік маңыздылығына қарамастан, рецензиялау барысында келесі ескертулер мен ұсынымдар анықталды: 1. Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын арттыру мақсатында алынған цефалометриялық нормаларды басқа түркі халықтарының көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау кеңірек ұсынылса, зерттеудің құндылығы арта түсер еді.	

		<p>2. Жұмыста жекелеген ұсақ техникалық сипаттағы кемшіліктер байқалады, оларды жою мақсатында мәтінді мұқият редакциялау ұсынылады.</p> <p>Аталған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектері жоғары ғылыми деңгейде орындалған және жүргізілген жұмыстың негізгі нәтижелерін толық қамтиды. Олар рецензияланатын ғылыми басылымдарда, оның ішінде Scopus дерекқорларында индекстелетін ғылыми журналда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі</p>	<p>Досматова Кенжеш Рахимжановнаның 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған бас телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Жұмыс өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен, алынған нәтижелердің сенімділігімен, теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді.</p> <p>Диссертацияның негізгі қағидалары негізделген, заманауи статистикалық талдау әдістерімен дәлелденген, Scopus халықаралық деректер базаларында индекстелетін ғылыми басылымдарда және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған және тәжірибелік денсаулық сақтау саласына енгізілген.</p> <p>Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті алдында Досматова Кенжеш Рахимжановнаға</p>

	8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша ұсыныс жасаймын.
--	--

Ресми рецензент:
Қарағанды медицина
университетінің стоматология мектебінің
PhD, профессор ассистенті



Байгулаков Азамат Турашевич